

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті



Университетте инклюзивті білім беруді қамтамасыз етуге байланысты 2022-2023 оқу жылына арналған

**ЖОЛ КАРТАСЫ**

Шымкент 2022

## ЖОЛ КАРТАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

**Атауы:** Жоғары оқу орындарында инклюзивті білім беруді қамтамасыз етуге байланысты 2021-2022 жылдарға арналған ЖОЛ КАРТАСЫ

**Негіздеме:** ҚР білім беру туралы заңы;  
Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары;  
Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;  
2010 жылдың 1 ақпанында бекітілген ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

**Бағдарламаның жүзеге асуына жауапты:** Әлеуметтік және тәрбие ісі жөніндегі проректор

**Мақсаты:** инклюзивті және ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға жоғары білім қол жетімділігін қамтамасыз ету, білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуына ықпал ету, оқу орнын мүгедектерге арналған қазіргі заманғы материалдық-техникалық базамен жаратқандыру

**Көрсеткіштер:** Ұйымдастыру жұмыстары;  
Кадрлық қамтамасыз ету;  
Оқу ғимараттарын бейімдеу;  
Материалдық-техникалық қамтамасыз ету;  
Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету;  
Әлеуметтік-мәдени жұмыстар.

**Орындалу уақыты:** кестеге сәйкес

**Жоғары оқу орындарында инклюзивті білім беруді қамтамасыз етуге байланысты 2021-2022 жылдарға арналған  
ЖОЛ КАРТАСЫ**

№	Индикаторға қол жеткізу үшін атқарылатын іс-шаралар	мерзімі	жауапты
<b>КӨРСЕТКІШТЕР</b>			
<b>Ұйымдастыру жұмыстары</b>			
1.	Мүмкіндігі шектеулі және ерекше білімді қажет ететін студенттер мәліметін жинақтау. Мүмкіндігі шектеулі студенттер картасын жүргізу.	үнемі	С.Мажинбеков
2.	Мүмкіндігі шектеулі студенттердің білім алуын қамтамасыз ету, инклюзивті білім беру, оған психологиялық-педагогикалық қолдау жүргізу туралы университетішілік нормативті құжаттарды дайындау (Жол картасы, жұмыс жоспары т.б.)	2022 қыркүйек-қазан	Е.Сармурзин
3.	Мүмкіндігі шектеулі студенттерге кедергісіз орта қалыптастыру: кәсіби бағдар жұмысы, оқу процесін сүйемелдеу, жұмыспен қамтамасыз етуге ықпалдасу т.б жұмыстарын жүргізу.	үнемі	Р.Абишева
<b>Кадрлық қамтамасыз ету</b>			
4.	Инклюзивті білім беру бойынша профессор-оқытушыларға біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру.	оқу жылы барысында	Р.Абишева
5.	Мүмкіндігі шектеулі және ерекше білім беруді қажет ететін студенттермен жұмыс жүргізу бойынша арнайы курстар ұйымдастыру. Әр факультеттерде тьютор-жетешілер (эдвайзер) дайындау.	үнемі	Р.Абишева Е.Сармурзин факультеттер/ жоғары мектептер
<b>Оқу ғимараттарын бейімдеу</b>			
6.	Барлық оқу ғимараттарын, жатақханаларды, оқу орнының территориясын пандустармен, мүмкіндігі шектеулі адамдарға (мүгедектерге) арналған қатты және тегіс жабыңқымен, арнайы көрсеткіштер мен тактильді белгілермен, автотұрақпен қамтамасыз ету.	2021-2022	О. Акимжанов
7.	Ғимараттардағы саты баспалдақтарын арнайы жабыңқылармен, тұтқалармен қамтамасыз ету, текпешектер шетін арнайы белгі немесе түспен (қызыл түспен) ерекшелеп белгілеу.	2021-2022	О. Акимжанов
8.	Мүмкіндігі шектеулі және ерекше білімді қажет ететін студенттерге бейімделіп жабдықталған арнайы аудиториялар, кітапханада арнайы	Оқу жылы барысында	О. Акимжанов

	орындар, жатақханада бөлмелер дайындау.		
9.	Оқу ғимараттарын ескерту және дабыл жүйелерімен қамтамасыз ету.	Оқу жылы барысында	О. Акимжанов
10.	Мүмкіндігі шектеулі және ерекше білімді қажет ететін студенттерді ақпараттық ашықтық және қолжетімділікпен қамтамасыз ету.	үнемі	А.Қожихов
<b>Материалдық-техникалық қамтамасыз ету</b>			
11.	Есту және көру қабілеті бұзылған білім алушыларға арналған дыбыс күшейткіш, мультимедиялық құралдар, Брайль шрифті бар компьютерлер, арнайы бағдарлама-синтезаторлармен қамтамасыз ету.	2022-2023 оқу жылы	О. Акимжанов
12.	Кітапхана оқу залдарында мүмкіндігі шектеулі студенттерге арналған арнайы жабдықталған орын дайындау.	2022-2023 оқу жылы	О. Акимжанов
<b>Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету</b>			
13.	Мүмкіндігі шектеулі және ерекше білім беруді қажет ететін студенттерге дәстүрлі және қашықтықтан білім беруді қамтамасыз ету (оқу материалдарын негізгі білім беру принциптеріне (лекция, практикалық, семинар тапсырмаларын) сәйкестендіру).	үнемі	Р.Абишева
14.	Мүмкіндігі шектеулі және ерекше білім беруді қажет ететін студенттердің мүмкіндіктеріне ыңғайландырылған бағалау және бақылау түрлерін қамтамасыз ету	үнемі	Р.Абишева
15.	Мүмкіндігі шектеулі және ерекше білім беруді қажет ететін студенттерді білім беру бағдарламасына сәйкестендірілген электронды ресурстармен қамтамасыз ету	үнемі	Р.Абишева
16.	Мүмкіндігі шектеулі және ерекше білім беруді қажет ететін студенттерге арналған кітап қорын толықтыру	үнемі	Р.Абишева
17.	Мүмкіндігі шектеулі және ерекше білім беруді қажет ететін студенттерге білім беру жұмысын ұйымдастыруға арналған әдістемелік құралдар дайындау.	үнемі	Р.Абишева
18.	Мүмкіндігі шектеулі және ерекше білім беруді қажет ететін студенттерге арналған жеке оқу жоспарын жеке оқу кестесін дайындау.	үнемі	Р.Абишева
<b>Әлеуметтік-мәдени жұмыстар</b>			
19.	Әлеуметтік ортаның толеранттылығын қалыптастыру және дамыту	үнемі	Е.Сармурзин

	бойынша іс-шаралар ұйымдастыру.		
20.	Мүмкіндігі шектеулі және ерекше білім беруді қажет ететін студенттермен жұмыс жасайтын волонтерлық топ құру, жұмысын жандандыру.	Жоспарға сәйкес	Е.Сармурзин
21.	Мүмкіндігі шектеулі және ерекше білім беруді қажет ететін студенттермен бірге қоғамдық, мәдени, бос уақытын тиімді пайдалану жұмыстарын ұйымдастыру.	үнемі	Е.Сармурзин
22.	Қоғамдық мүгедектер ұйымдармен жұмысты жандандыру.	үнемі	Е.Сармурзин
23.	Университеттегі мүмкіндігі шектеулі студенттерге көмек көрсетуді (материалдық, жеңілдіктер т.б) жандандыру.	үнемі	Е.Сармурзин

Келісілді: Әлеуметтік және тәрбие ісі жөніндегі проректор  
 Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесі-проректор  
 Әкімшілік-шаруашылық қызметі жөніндегі департамент директоры



Е.Сармурзин  
 Р.Абишева  
 О.Акимжанов